

«Веренка ЖНББМ» КММ 2024-2025 оқу жылына арналған «Жалын» дебаттық клубының жылдық есебі


Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында және де «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша мектеп директорының бүйрығымен ағымдағы оқу жылының басында мектебімізде дебат клубы құрылды. Дебат жетекшісі болып педагог-сарапшы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі Кулушов Бегадил Абілқасимович, көмекшісі болып жастар тәжрибесімен жұмыс жасайтын Әсемгүл Саматовна тағайындалды. 8-9-сынып оқушыларынан сауалнама алғынып, дебат мүшелері жинақталды. Дебат мүшелерімен кеңес өткізіліп, дебат ұйымының атауы «Жалын» деп аталынып, жылдық жоспар түзілді. Дебат ұйымының құрылу мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жоспар бойынша қазан, желтоқсан, ақпан, сәуір айларына дебат пікірталас ұйымдастырылып, қараша, қаңтар айларына зияткерлік ойындар жоспарланды. Жоспар негізінде оқу жылы бойында жасалынған жұмыстарға тоқталсақ:

Мектепішлік дебат ұйымының жоспары негізінде 14-қараша күні мектебімізде дебат ойыны ұйымдастырылды. Төреші-ұйымдастыруши жас маман Ә.Саматқызының төрағалығымен мектепішлік «Жалын» дебат мүшелері «Жігер» және «Ұшқын» топтарына бөлініп, «Мемлекеттік мектепке қарағанда жеке мектепте оқыған дұрыс деп есептейді» тақырыбында қызу пікірталас жүргізді. Дебат ойынына ата-аналар, ұстаздар, мектеп оқушылары көрermen ретінде қатысты. Әділқазы алқасына мектепішлік дебат жетекшісі Б.Кулушов жетекшілігімен мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Наурызбайұлы мен мектеп психологи А. Шонаевна төрелік етті. Ойын өте қызу басталып, үлкен талас-тартысқа ұласты. «Ұшқын» тобы қанша қарсылық танытып, қанша тірессе де, «Жігер» тобы тапқырлықтарын көрсетіп, тойтарып отырды.



Нәтижесінде екіде бір есебімен «Жігер» тобы жеңіске жетті. Ағымдағы оқу жылындағы алғашқы өткізілген дебат ойыны болғандықтан, көрermen назарына жылы қабылданды. Алдағы уақытта жіберілген қате-кемшіліктер ескеріліп, білімдерін әлі де шындей түсіп, нақты дәлелдер мен фактілерге сүйеніп жұмыс жасау керектігі тапсырылды. Көрermen ретінде қатысқан ата-аналар төреші Ә.Саматқызы мен осы ойынды жоспарлап ұйымдастырған тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары А. Жолдасбековичке алғыстарын жеткізді. Алдағы уақытта бұл жобаның әлі де болса ен жайып, ата-аналар, мұғалімдер арасында өткізілсе еken деген ұсыныстар айттылды. Айтары көп жастардан құралған дебат ұйымына ұстаздар қауымының сенері көп. Бұл ойын барысын әлеуметтік желіден, мектебіміздің инста парақшасынан көре аласыздар.
https://www.instagram.com/reel/DDwbfrOlaIg/?utm_source=ig_web_copy_link,

Екінші дебат «Тәуелсіздік күні» не орай 19-желтоқсан күні өткізілді. Төреші-ұйымдастыруши жас маман Ә.Саматқызының тәрағалығымен мектепішілік «Жалын» дебат мүшелері «Алау» және «Лаула» топтарына бөлініп, «Есірткіге тәуелділікті қылмыстық әрекет ретінде қарастыру дұрыс па әлде бұл денсаулық мәселесі ретінде қарастыру керек пе?» тақырыбында қызу пікірталас жүргізді. Дебат ойынына ата-аналар, ұстаздар, мектеп оқушылары көрермен ретінде қатысты. Әділқазы алқасына мектепішілік дебат жетекшісі Б.Кулушов жетекшілігімен мектептің оку ісі жөніндегі орынбасарлары Е.Наурызбайұлы мен Н.Жанабаевна төрелік етті.



Ортаға тақырып тасталып, уақытты дұрыс та ұтымды пайдалануға кеңес беріліп, дебат басталды. Әрине XXI ғасырдың үлкен дертіне айналған есірткіге құмарлық тақырыбы дебат мүшелерін де бей-жай қалдырмады. Есірткіге құмарлықтың зиянды тұстары мен зардаптарын айта келіп, салауатты өмір салтын ұстану керек деген үкімет тобына, оппозиция мүшелері де өз ойларын дәлелдеп, медицина саласында өте қажеттілігі айтылып кетті. Дебат барысы түсіріліп, мектеп инста паракшасына жүктелді. Осы сілтеме арқылы қарауға болады.

https://www.instagram.com/reel/DDwbfrOlaIg/?utm_source=ig_web_copy_link

Нәтижесінде екі топтың да пікірлері мен келтірген дәлелдері, өздерін ұстаулары мен сөздерін жеткізулері еленіп, бірдей ұпай беріліп, достық жеңді деп қорытыланды. Алайда әлі де болса немқұрайдылыққа салынбай, өз үстерінде көбірек жұмыстанулары ескерілді. Сөз саптауымен қатар мықты білім, нәтижелі ізденістер – дебат мүшелерінің абыройын арттырары сөзсіз. Не нәрсеге болса да, көп ізденіс керек-әк. Болашақта болашағынан үміт күттірер осындай дебатерларымыз, мемлекет дамуына елеулі үлес қосады деген сеніміміз мол.

https://www.instagram.com/reel/DFFV-ffI6i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA==

осы сілтемеде дебат ұйымының жоспары негізінде және де мектеп парламентінің ұйғаруымен 21-қантар күні «Әлеуметтік желі адамға тиімді деп есептейді» тақырыбында шебер класс ұйымдастырылды. Шебер классқа бірінші ауысымдағы барлық оқушылар түгелдей қатыстырылды. Төрелік етуге жас мамандар мен оку ісі бойынша директор орынбасары Н.Жанабаевна шақырылды. Ойынды жүргізуші Әсемгүл Саматқызының түсіндірілуімен басталған ойын, дебет мүшелерінің

«Алау» және «Лаула» топтарына бөлініп, қызу пікірталасына ұласты. Әлеуметтік желінің тиімді тиімсіз тұстары айтылып, жан-жақты түсінік берілді. Бұл пікірталастың мақсаты мұғалімдер мен оқушыларға дебаттың қалай жүргізілетін түсіндіру болатын. Сөз соңында дебат жетекшісі ойының барысы туралы айтып, қате-кемшіліктерді ескертуіп, дайындықтың әлі де керек екендігі туралы айтып, болашақ дебатерларға сәттілік тіледі. 5-9-сынып оқушылары мен мұғалімдер қауымын біріктірген бұл шебер класстан жақсы әсер ғана алып қоймай, болашақтағы дебат мүшелерінің санын ғана емес сапасын да арттыруға сеп болар деп сенеміз.



Одан бөлек тарих пәнінің мұғалімі, тәрбие бойынша директор орынбасары А.Ж. Аманқосов өз сабактарын дебат түрінде өткізіп жүр. Атап айттар болсақ:

9 “А” сынып оқушыларымен сабак уақытында “Семей полигоны” тақырыбы бойынша “Дебат технологиясын тарих сабактарында қолдану” әдісі бойынша өткізілді.



https://www.instagram.com/reel/DCgcla_oZ3u/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазақстан тарихы сабағында Байқоңырдағы ұшақ айлағының салынуы бойынша 9 “А” сынып оқушыларымен пікірталас сабағы өткізілді.




https://www.instagram.com/reel/DCmlZxgoXGh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жалпы пікірсайыс, дебат туралы сөз қозғағанда кез-келген адамның оның ішінде пікірсайыстан хабары жоқ адамдардың санасында бір тақырыпқа бола қызыл кеңірдек болып ұрысып жатқан адамдар, бір-бірін мойындамайтын пікірсайысшылар елестейді. Ал шын мәнінде пікірсайыс дегеніміз не және оның жеке тұлғаның қалыптасуына қандай пайдасы бар? «Дебат» деген сөздің өзін француз тілінен аударғанда «талқылау» деген мағынаны білдіретін, қоғамда туындаған мәселе бойынша екі жақты (үкімет, оппозиция) болып пікір таластыру. Біздің елімізде де пікірсайыс өзіндік орын алады. Жыл сайын жоғарғы оку орындармен қоса, мектеп қабырғаларында пікірсайыс клубтары ашылуда Ақиқат пен шындықтың аражігін ажыратып, өзекті мәселелердің басын ашумен катар, олардың шешімін табуда дебат маңызды рөл аткарады. Толеранттылық, әдеп пен логикалық шеберлік, қырағылық іспеттес адам бойындағы асыл қасиеттердің қалыптасуына үлес қосатын жарыссөздің басқа да берер мүмкіндігі көп. Зияткерлік ойлау қабілетті арттырып, жағдайды сынни көзқараспен талдауды үретеді. Мектептегі оқушылардың дамуына мүмкіндік жасау үшін олардың қабілетін түрлі тәсіл қолдана отырып, ашуға тырысамыз. Осы түста дебат клубының берер пайдасы зор. Ең әуелі, дебат оқушыларға орта қалыптастыруға көмектеседі. Білімге, жан-жақты, көшбасшылыққа құштар оқушылармен достық алаң құрайды. Ойын көптеген тақырыпты қамтиды. Екі жақты пікірге сынни ой

білдіре отыра, түйткілді шешуге қабілетті болып машиқтанатыны сөзсіз. Дебаттың тағы бір септігі қоғамдық ортамен коммуникацияға түскенде тиеді. ЖОО-ға, жұмысқа тұрғанда, арнайы ұйымдарға қабылданған сәтте өзінің мықты тұсын көрсете алатын тұлға болып қалыптасады. Дебаттың окушы өміріне пайдасы өте көп. Негізгі пайдаларына тоқтала кетсек: біріншіден, пікірсайыс ойнаған адамның білімі мол болары анық, себебі бір қарапарың(резолюция) айналасында қаншама ақпарат іздеп, ізденеді. Екіншіден, өзінің сөзіне, жалпы өз-өзіне деген сенімділік. Кез-келген орта мен жағдайда қысылмай өз ойын айтуға үйретеді. Ушіншіден, біржақты ғана емес екі тұрғыдан ойлап, кез-келген нәрсенің пайда-зиянын көре білу. Төртіншіден, әрине ол – жақсы орта. Уақытты босқа откізбей, жаңа зиялы достар табу, өзіндік араласар ортаның болуы, бесіншіден, жарқын болашақ.

Қорытындылай келе мектебіміздегі «Жалын» дебат ұйымының ағымдағы оку жылындағы жасаған жұмыстары нәтижелі, жақсы деген үйғарымға келінді. Болашақта да дебат ұйымы мүшелерінің қатары көбейіп, ауқымы кеңейеді деген ойдамыз.

ДТЖО:  А.Ж.Аманқоссов.

Орындаған: клуб жетекшісі, Б.А.Кулушов